

Г.К. Отарбаева* , А.К. Отарбаева 

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: gulzhan.otarbayeva@gmail.com; azha_78@mail.ru)

Соғысаралық кезеңдегі Түркия сыртқы саясатының тарихы және негізгі бағыттары (1918-1939 жж.)

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы және 1919–1923 жылдардағы Түркиядағы революция Балқан түбегінде, Таяу Шығыста және Шығыс Жерорта теңізі аймағында қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгертті. 1923 жылдан кейін Түркия Республикасының аймақтағы рөлі соғысаралық кезеңдегі халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін қалыптастырудағы маңызды факторлардың біріне айналды. Осыған байланысты мақалада тәуелсіздік үшін күрес жылдарында және одан кейін орын алған оқиғалар баяндалады, Севр және Лозанна келісімдерінің мазмұны, сондай-ақ Кеңестік Ресейдің ұстанымы сипатталады. Авторлар Мұстафа Кемалдың Түркия үшін аса қорлайтын халықаралық келісімдерге деген халықтың наразылығын тиімді пайдаланып, соғыста жеңілген Осман империясына қарсы тұрған жаңа саяси режимді құру мен нығайтуға қол жеткізгенін көрсетеді. Шын мәнінде, жаңа мемлекеттің пайда болуы Севр келісіміне реакция ретінде қалыптасып, сыртқы саяси мәселелерді басты назарға алды. Авторлар республиканың қалыптасуындағы Кеңес Одағының маңызды рөлін, атап айтқанда 1920 жылдары Мұстафа Кемалға большевиктік үкімет тарапынан көрсетілген дипломатиялық, материалдық және әскери көмекті атап өтеді. Сонымен қатар, Түркия саясатына тән сақтық, енжарлық және статус-квоны сақтауға ұмтылу сияқты сипаттар көрсетіледі. Мақалада XX ғасырдың 30-жылдарындағы Түркия Республикасының сыртқы саясатының ерекшеліктері мен негізгі бағыттары қарастырылып, Түркияның жаһандық және өңірлік үдерістерге ықпалын талдауға талпыныс жасалады. Сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында бәсекелес блоктар арасындағы геосаяси қарсыластықтағы Түркияның рөлі зерделенген.

Кілт сөздер: сыртқы саясат тарихы, Түркияның сыртқы саясаты, дүниежүзі тарихы, Лозан конференциясы, Мұстафа Кемал, Кеңес Одағы, жаһандық үдерістер.

Kipicne

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, Осман империясының ыдырауы нәтижесінде жаңа ұлттық мемлекеттер қалыптасқаны белгілі. Осы тарихи үдерістің маңызды нәтижелерінің бірі — 1923 ж. Түркия Республикасының құрылуы болды. Жаңа мемлекет үшін ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, халықаралық аренада егемендігін мойындату мен ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған тиімді сыртқы саясат қалыптастыру өзекті міндетке айналды. Сондықтан да екі соғыс аралығындағы кезеңде Түркияның сыртқы саясаты мемлекет құру, тәуелсіздікті бекіту және халықаралық жүйеге бейбіт жолмен интеграциялану мақсаттарына негізделді. Мұстафа Кемал Ататүрік басшылық еткен түрік саяси элитасы «ел ішінде — бейбітшілік, әлемде — бейбітшілік» қағидатын басшылыққа ала отырып, сыртқы саясатта реализм мен прагматизмге сүйенді. Бұл ұстаным Түркияның бұрынғы империялық амбициялардан бас тартып, ұлттық мемлекет шеңберінде әрекет етуіне жол ашты. Аталған кезеңде Түркия халықаралық қатынастардың күрделі жағдайында әрекет етті, атап айтқанда, Версаль–Вашингтон жүйесінің тұрақсыздығы, Еуропадағы ревизионистік саясаттың күшеюі, фашистік және нацистік режимдердің пайда болуы Түркияның сыртқы саяси бағдарын икемді жүргізуін талап етті. Осыған байланысты Анкара үкіметі бір жағынан ірі державалармен теңгерімді қатынас орнатуға ұмтылса, екінші жағынан аймақтық қауіпсіздік жүйелеріне белсенді түрде араласты. Осы аталғандарды ескере отырып, екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатын зерттеу жаңа мемлекеттердің халықаралық жүйеге бейімделу тәжірибесін түсінуге, ұлттық мүдде мен халықаралық жағдай арасындағы өзара байланысты ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл кезең Түркияның қазіргі сыртқы саяси дәстүрлерінің қалыптасу негізін қалаған маңызды тарихи кезең ретінде ғылыми тұрғыдан өзекті. Осыны ескере отырып, қазіргі кезеңдегі Түркияның екі соғыс арасындағы сыртқы саясатын зерттеудің қажеттілігін бірнеше факторлармен айқындауға болады: біріншіден, қарастырылып отырған кезеңдегі Түркияның сыртқы саясаты халықаралық келісімдер мен көпжақты

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulzhan.otarbayeva@gmail.com

дипломатияның ролін ашып көрсетеді, себебі, Лозан келісімі, Балқан Антантасы, Саадабад пакті сияқты дипломатиялық бастамалар арқылы Түркия өз қауіпсіздігін аймақтық ынтымақтастық негізінде қамтамасыз етуге ұмтылды. Бұл қазіргі кезеңдегі ұжымдық қауіпсіздік, аймақтық ұйымдар және көпполярлы әлем мәселелерін зерделеуде құнды тарихи тәжірибе. Екіншіден, бұл тақырыпты зерттеу Түркияның геосаяси ролінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді, Еуропа, Таяу Шығыс және Кеңес Одағы арасындағы стратегиялық кеңістікте орналасқан Түркияның теңгерімді саясат жүргізуі қазіргі халықаралық қатынастарда «аралық аймақтар» мен «көпвекторлы саясат» ұғымдарын теориялық тұрғыдан негіздеуге көмектеседі. Үшіншіден, екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатына қатысты зерттеулер қазіргі түрік сыртқы саяси дискурсын тарихи сабақтастық тұрғысынан талдауға жол ашады. Лозан жүйесіне, шекара мәселелеріне, аймақтық ықпалға қатысты бүгінгі пікірталастардың түп-тамыры осы кезеңде жатқанын көрсету ғылыми тұрғыдан өзекті.

Материалдар және әдістер

Мақаланың негізгі деректік материалдарын Түркия Республикасының халықаралық-құқықтық мәртебесін бекітіп, шекараларын айқындаған және елдің егемендігін халықаралық деңгейде мойындатқан 1923 ж. Лозанна бейбіт келісімшартты [1; 45–47], сонымен қатар Түркияның Қара теңіз бен Жерорта теңізін байланыстыратын стратегиялық бұғаздар үстінен толық бақылау орнатқанын айқындап берген 1936 ж. Монтрё бұғаздар конвенциясы [2; 112–115]. Анкараның ірі державалармен (Ұлыбритания, КСРО, Франция, Германия) қарым-қатынасындағы нақты ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік берген Түркия Сыртқы істер министрлігінің ресми құжаттары да аталмыш мақаланың деректік негізін құрайды [3; 56–59].

Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-хронологиялық әдіс қолданылды, бұл әдіс екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатының қалыптасуы мен даму кезеңдерін уақыттық ретпен қарастыруға мүмкіндік береді. Аталған әдіс арқылы 1923 жылғы Лозанна келісімінен бастап 1939 жылға дейінгі дипломатиялық бастамалар мен халықаралық келісімдердің эволюциясы жүйелі түрде талданады. Тарихи-салыстырмалы әдіс Осман империясының соңғы кезеңіндегі сыртқы саясатпен салыстыра отырып, Түркия Республикасының жаңа сыртқы саяси бағытының ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Түркияның сыртқы саясатын халықаралық қатынастардың тұтас жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру барысында жүйелік талдау әдісі қолданылды. Контекстуалдық талдау әдісінің негізінде Түркияның сыртқы саяси шешімдерін сол кезеңдегі халықаралық ахуалмен, аймақтық қауіпсіздік мәселелерімен және идеологиялық факторлармен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Тақырыпты зерттеудің нәтижесінде екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатын оның тарихи дамуы мен мазмұнына қарай бірнеше кезеңге бөліп көрсетуге болады. Мұндай кезеңдеу сыртқы саясаттағы басымдықтардың өзгеруін, халықаралық жағдайдың ықпалын және жаңа ұлттық мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясының қалыптасуын жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатының бірінші кезеңін ұлттық тәуелсіздік пен халықаралық мойындауға ұмтылу кезеңі деп атап көрсетуге болады және бұл кезең 1918–1923 жж. аралығын қамтиды. Бұл кезең Осман империясының жеңілісінен кейінгі дағдарыспен және Түркияның ұлттық тәуелсіздік үшін күресімен сипатталады және бұл кезеңдегі Түркияның сыртқы саясатының басты мақсаты — Севр келісімшарттарын жоққа шығару және ұлттық мемлекеттің егемендігін халықаралық деңгейде мойындату болды. Мұстафа Кемал бастаған ұлттық қозғалыс бұл кезеңде шетелдік державалармен күрделі дипломатиялық қатынастар жүргізіп, кеңестік Ресеймен жақындасу тактикасын қолданды. 1920 ж. М.К. Ататүрік Кеңес үкіметіне хат жазып, орыс-түрік қарым-қатынастарын жан-жақты дамыту ниетін білдіре отырып, Кеңестік Ресейден қаржылық және әскери көмек сұрады. Ататүрік хатында Батыс империализміне қарсы бірлескен күштермен күресуді ұсынды. 1920 жылы 9 маусымда «Известия» газеті Сыртқы істер халық комиссары Г.В. Чичерин, Ататүрікке жолдаған хатында екі тарап бірлесе күресуге және барлық ұлттармен халықтардың азаттығы үшін бірге жұмыс жасауға дайын екендігін айтты. Кеңес үкіметі Түркияның жаңа үкіметінің сыртқы саяси ұстанымдарына қолдау білдіріп, екі жақты келіссөздердің көмегі арқылы Парсы (қазіргі Иран) және Армения арқылы шекараны орнатуға болатынын айтты. Кеңес үкіметі Түркияға жолдаған үндеуінде халықтардың өзін-өзі билеу құқықтарын жүзеге асыру үшін, түрік тарапының шақыруымен кеңестік дипломаттардан құралған делегация өзінің миссиясын орындау үшін, Анкараға келуге дайын

екенін жеткізді. Екі мемлекеттің аумағында дипломатиялық қарым-қатынас орнату және елшіліктер ашу ұсынылды. Чичерин: «Кеңес үкіметі түрік халқының өз тәуелсіздігі мен егемендігі үшін жүргізіп жатқан қаһармандық күресін үлкен қызығушылықпен бақылап отыр және осы қиын күндерде түрік және орыс халықтарын достық біріктіруі керек» деп атап өтті [4]. Кеңестік Ресей тарабынан Түркияға көмек беріледі, атап айтқанда, Азамат соғысының ауыртпалығына қарамастан, РКФСР үкіметі Түркияға 6000 винтовка, 5 млн-нан артық винтовка оғын, 17600 снаряд және 200 кг алтын құймасын жібереді [5]. Сонымен қатар, 1921 ж. Мәскеу келісімі Түркияның халықаралық аренада алғаш рет мойындалуына жол ашты [6; 58]. Бұл кезеңнің қорытындысы — Түркия Республикасының тәуелсіздігін ресми түрде бекіткен 1923 ж. Лозанна бейбіт келісімімен белгілі болды. Атап өту қажет, аумақтық тұрғыдан алғанда, Лозанна келісімшарты Түркия Республикасының қазіргі шекараларының негізін қалады, атап айтқанда Анадолы мен Шығыс Фракия Түркияның егемен аумағы ретінде бекітілді, алайда Мосул мәселесі кейінге қалдырылып, ол Ұлттар Лигасының қарауына берілді. Эгей теңізіндегі кейбір аралдар Грекияның қарамағында қалды, бұл Түркияның теңіздік мүдделерін шектеулі деңгейде сақтауға мәжбүр етті. Саяси-құқықтық аспектіден алғанда, Лозанна келісімі капитуляциялар режимін толық жойды және бұл Түркия үшін аса маңызды жетістік болды, өйткені ол елдің экономикалық және сот жүйесіне толық бақылау орнатуына мүмкіндік берді. Шетел азаматтары мен компаниялары бұрынғы артықшылықтарынан айырылып, Түркия заңдарына бағынуға міндеттелді.

Екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатының екінші кезеңін 1924-1930 жылдары анықтауға болады және бұл ұлттық мемлекетті бекіту және бейтараптық саясатпен сипатталады. 1923 жылы Түркия Республикасының жариялануынан кейін сыртқы саясаттың негізгі мақсаты жаңа мемлекеттің халықаралық құқықтық позициясын нығайту және қақтығыстардан барынша аулақ болу болды. Сондықтан да бұл кезеңде Түркия «ел ішінде — бейбітшілік, әлемде — бейбітшілік» қағидатын басшылыққа алды. Бұл кезеңнің ерекшелігі Анкара үкіметінің Ұлттар Лигасына қосылуға ұмтылып, көрші мемлекеттермен қатынасты тұрақтандыруға күш салу, бұрынғы империялық мүдделерден толықтай бас тартуымен ерекшеленді [7; 102].

Сонымен қатар бұл кезеңде Мосул мәселесі Түркия Республикасының сыртқы саясатындағы ең күрделі әрі принципті мәселелердің бірі болды. Бұл мәселе Осман империясының ыдырауынан кейінгі аумақтық мұраға, Ұлыбританияның Таяу Шығыстағы мүдделеріне және жаңа түрік мемлекетінің егемендікке ұмтылысына тікелей байланысты қалыптасты [8; 118]. Өзімізге белгілі, Мосул вилаяты Осман империясы кезеңінде стратегиялық және экономикалық маңызы зор аймақ болды, ал Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Мосул Ұлыбританияның әскери бақылауына өтті. 1920 ж. Севр келісінде бұл аймақ Түркия құрамынан тыс қалдырылғанымен, Түркия ұлттық-азаттық соғысы барысында Анкара үкіметі Мосулды тарихи және этникалық тұрғыдан өз аумағы деп есептеді [6; 201]. 1923 жылғы Лозанна бейбіт келісімі барысында Мосул мәселесі түпкілікті шешілмей, Түркия мен Ұлыбритания арасындағы екіжақты келіссөздерге қалдырылды және мұндай қалыптасқан жағдай Мосул проблемасының халықаралық сипат алуына әкелді [1; 32]. 1926 ж. 5 маусымда Түркия, Ұлыбритания және Ирак арасында Анкара келісімі жасалды және бұл келісімге сәйкес, Мосул Ирак аумағында қалды, ал Түркия 25 жыл бойы Мосул мұнайынан түсетін табыстың 10 пайызын алу құқығына ие болды [9; 212]. Бұл шешім Түркияның аумақтық талаптарынан бас тартуын білдіргенімен, елдің халықаралық жүйеге бейбіт жолмен кірігуін және сыртқы саясаттағы ымырашыл бағытын бекітті. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Мосул мәселесі Түркияның ревизионистік емес сыртқы саясат моделін қалыптастыруда маңызды тәжірибе болды [10; 233].

Түркияның екі соғыс аралығындағы сыртқы саясатының үшінші кезеңі 1931-1936 жылдары аймақтық қауіпсіздік пен халықаралық интеграция мәселесімен сипатталды. Атап айтқанда, 1930 жылдардың басында халықаралық жағдайдың күрделене түсуі Түркияның сыртқы саясатында жаңа бағыттардың пайда болуына әкелді. 1931–1936 жылдардағы Түркияның сыртқы саясаты халықаралық жүйедегі түбегейлі өзгерістермен, әсіресе ұжымдық қауіпсіздік дағдарысымен және ревизионистік державалардың күшеюімен сипатталды. Бұл кезеңде Түркия Республикасының сыртқы саясаты егемендікті нығайту, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Лозанна жүйесінің қолайсыз тұстарын дипломатиялық жолмен қайта қарастыруға бағытталды [8; 176].

Өзімізге белгілі, 1930 жылдардың басында Германияда ұлттық-социализмнің билікке келуі, Италияның экспансиялық саясаты және Жапонияның Манчжурияны басып алуы Ұлттар Лигасының әлсіздігін көрсетті. Осындай жағдайда Түркия сыртқы саясатта бейтараптық пен көпжақты

дипломатияны үйлестіруге тырысты [11; 214]. Түркия үшін басты мақсат — соғысқа тартылмау және халықаралық қақтығыстардан алшақ тұра отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды. Бұл ұстаным Ататүріктің жоғарыда аталған «бейбітшілік — ел ішінде де, әлемде де» қағидасының практикалық көрінісі еді.

1930 жылдардың ортасында Түркия аймақтық қауіпсіздікке ерекше мән бере бастады. 1934 ж. Түркия, Грекия, Югославия және Румыния арасында Балқан Антантасы құрылды. Бұл одақтың негізгі мақсаты Балқан аймағындағы шекаралық статус-квоны сақтау және сыртқы қауіптерге қарсы бірлескен ұстаным қалыптастыру болды [12; 56]. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Балқан Антантасы Түркияның сыртқы саясатындағы аймақтық көпжақты дипломатияның институционалдық үлгісі ретінде бағаланады. Түркия бұл арқылы Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік механизмдеріне белсенді түрде кіріге бастады. Қарастырылып отырған кезеңде Түркия мен Кеңес Одағы арасындағы қарым-қатынастар тұрақты әрі прагматикалық сипатта дамыды. Кеңес Одағы Түркияның тәуелсіздігін қолдап, экономикалық және әскери-техникалық көмек көрсетті. Алайда Түркия бұл қатынастарды Батыс елдеріне қарсы бағытталған одақ ретінде емес, қауіпсіздік теңгерімінің бір элементі ретінде пайдаланды.

Қарастырып отырған кезеңдегі Түркияның сыртқы саясатының ең маңызды жетістігі — бұғаздар мәселесін қайта қарауға қол жеткізуімен байланысты болды. Өзімізге белгілі, Лозанна келісіміне сәйкес, Босфор мен Дарданелл бұғаздары халықаралық бақылауда қалдырылған еді, алайда, Еуропадағы әскери қауіптің күшеюі Түркияның бұл режимнің ұлттық қауіпсіздікке қайшы екенін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге 1936 ж. қабылданған Монрё бұғаздар конвенциясы Түркияға бұғаздар үстінен толық егемендік орнатуға жол ашты. Бұл дипломатиялық табыс Түркияның бейбіт жолмен, халықаралық құқық аясында стратегиялық мүдделерін қорғау қабілетін көрсетті.

Келесі соңғы кезеңі (1937–1939 жж.) — халықаралық белсенділік пен стратегиялық дербестікті нығайтумен сипатталады. Бұл кезеңде Түркияның сыртқы саяси дербестігі күшейеді, 1936 ж. қабылданған Монрё бұғаздар конвенциясы Түркияның Қара теңіз бұғаздарына толық бақылау орнатуын қамтамасыз етіп, оның халықаралық беделін арттырды [2]. Сондықтан да Ататүрік кезеңіндегі сыртқы саясаттың ең ірі жетістіктерінің бірі – осы 1936 ж. Монрё бұғаздар конвенциясымен белгілі. Себебі, бұл келісім Түркияға Босфор мен Дарданелл бұғаздарына толық бақылау орнатуға мүмкіндік берді, Мұстафа Кемал бұл мәселені әскери күш қолданбай, халықаралық құқық нормалары арқылы шешуге қол жеткізді. Ал, 1937 ж. Саадабад пактісі арқылы Түркия Таяу Шығыстағы қауіпсіздік мәселелерінде маңызды ойыншыға айналды, Еуропада соғыс қаупінің өсуі жағдайында Анкара ірі державалар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған икемді дипломатия жүргізді.

Әрине, екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясатында Мұстафа Кемал Ататүрік маңызды әрі шешуші рөл атқарды. Ол екі соғыс аралығында ұлттық мемлекеттің сыртқы саяси доктринасын қалыптастырып, Түркияны халықаралық жүйеге бейбіт жолмен енгізді. Ататүріктің прагматизмге, реализмге және халықаралық құқыққа негізделген сыртқы саяси бағыты Түркияның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен егемендігін қамтамасыз етті.

Талқылау

Екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясаты тарихшылар мен саясаттанушылар арасында ұзақ уақыт бойы пікірталас туғызған мәселелердің бірі. Ғылыми талқылаулар негізінен Түркияның сыртқы саяси бағытының сипаты, идеологиялық негізі, үлкен державалармен қарым-қатынасы және бейтараптық саясатының тиімділігі төңірегінде өрбиді.

Ғалымдар арасындағы негізгі пікірталастардың бірі – Түркияның екі соғыс аралығындағы сыртқы саясатының ревизионистік немесе статус-квоға бейім болғандығы мәселесімен байланысты. Батыс тарихшыларының бір бөлігі (Э. Зюрхер [13], Ф. Ахмад [7]) Түркияны статус-квоны сақтауға ұмтылған мемлекет ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, Анкара Лозанна келісімінен кейін халықаралық жүйені түбегейлі қайта қарауға емес, қол жеткізген шекараларын қорғауға және бейбіт дамуға басымдық берді. Ал кейбір зерттеушілер, атап айтқанда У. Хейл [3], С. Сонел [6] Түркияның бұғаздар мәселесін қайта көтеруі мен Хатай (Александретта) мәселесіндегі табандылығын шектеулі ревизионизмнің көрінісі деп бағалайды. Алайда бұл ревизионизм әскери емес, дипломатиялық жолмен жүзеге асқанын атап көрсетеді.

Ғылыми әдебиеттерде Түркияның КСРО, Ұлыбритания, Франция және Германия арасындағы теңгерім саясаты кеңінен талқыланады. Кейбір зерттеушілер Түркияны «шағын, бірақ белсенді дипломатиялық актор» ретінде бағалай отырып, оның көпвекторлы саясатын табысты деп есептейді [14], ал басқа авторлар Түркияның бұл кезеңдегі сыртқы саясатын қорғаныс сипатындағы саясат деп түсіндіреді. Олардың пікірінше, Анкара ірі державалар арасындағы қайшылықтарды өз пайдасына шебер пайдаланғанымен, дербес бастама көтеруде шектеулі болды [15]. Балқан пактісі (1934) мен Саадабад пактісі (1937) мәселесі де тарихнамада пікірталас тудырады. Бірқатар ғалымдар бұл одақтарды Түркияның аймақтық бейбітшілікті институционализациялау әрекеті деп бағалайды [7]. Ал сыншыл көзқарастағы зерттеушілер аталған пактілердің әскери-саяси тұрғыдан әлсіз болғанын, олардың символдық маңызы басым болғанын алға тартады [6]. Ағылшын зерттеушісі С.Р. Соньель Түркияның 1918–1923 жылдардағы дипломатиясын Осман империясының күйреуінен кейінгі қорғаныс сипатындағы саясат ретінде бағалайды. Оның пікірінше, Мұстафа Кемал бастаған жаңа саяси элита халықаралық қатынастарда күш қолданудан гөрі дипломатиялық жолды тандады, бұл Лозанна келісімімен бекітілген жаңа мемлекеттік шекараларды заңдастыруға мүмкіндік берді [6]. Х.Н. Ховард Түркия мәселесін кең халықаралық контексте талдап, 1920 жылдары Анкара үкіметінің басты дипломатиялық жетістігі ретінде Севр жүйесінің жойылуын және Осман мұрасынан біржола бас тартуын көрсетеді. Ол Түркияны жеңілген мемлекеттен аймақтық дербес акторға айналған ел ретінде сипаттайды [9].

Түрік тарихнамасында М. Гөнлюбол мен Ө. Күркчюғлы Ататүрік дәуіріндегі сыртқы саясатты «бейбітшілікке негізделген реализм» ұғымы арқылы түсіндіреді. Олардың пікірінше, «Yurtta sulh, cihanda sulh» қағидаты Түркияның халықаралық қатынастардағы мінез-құлқын анықтаған негізгі доктрина болды [10]. Б. Оран редакциялаған ұжымдық еңбекте Түркияның екі соғыс аралығындағы сыртқы саясаты көпвекторлы саясат ретінде бағаланады. Авторлар Түркияның бір мезгілде Кеңес Одағымен, Балқан елдерімен және Батыс державаларымен теңгерімді қатынас орнатуға ұмтылғанын көрсетеді [11]. Ф. Армаоғлы XX ғасырдың саяси тарихына арналған еңбегінде Түркияның 1930-жылдардағы дипломатиясына ерекше назар аударады. Ол Монтрё конвенциясын Түркияның сыртқы саясаттағы ірі жетістігі деп бағалап, бұл келісім елдің толық егемендігін қалпына келтіруге мүмкіндік бергенін атап өтеді [12].

Қазіргі уақытта, яғни 2024–2025 жж. басылып шыққан шетелдік (негізінен түрік және батыс) зерттеулерде екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясаты халықаралық қатынастар теориялары, көпжақты қауіпсіздік және дипломатиялық тәжірибе тұрғысынан қайта қарастырылуда. Мысалы, М. Йылдыз Түркияның сыртқы саясатын идеологиялық емес, конъюнктуралық-прагматикалық модель ретінде сипаттайды [14]. С. Арслан болса, кемалистік сыртқы саясатты реализм, либерализм және конструктивизм синтезі арқылы талдайды. Ал Түркияның Ұлттар Лигасына қатысуы халықаралық легитимация мен көпжақты дипломатияға бейімделу ретінде бағаланады [16]. Келесі бір авторлар — Б. Ермек пен Д. Барлстың зерттеуінде Түркияның Лигаға қосылуы ұйымның әлсіздігіне қарамастан, аймақтық ынтымақтастықты күшейтуге апаратын қадам ретінде түсіндіріледі [17].

Қорытынды

Екі соғыс аралығындағы кезеңдегі Түркияның сыртқы саясаты ұлттық мемлекетті қалыптастыру және оның халықаралық жүйедегі орнын айқындау міндеттерімен тығыз байланысты болды. Осман империясының күйреуінен кейін пайда болған Түркия Республикасы халықаралық қатынастардың жаңа шындығында егемендігін сақтау мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған реалистік және прагматикалық сыртқы саясат жүргізді. Бұл кезеңдегі сыртқы саясаттың негізгі мазмұнын Лозанна бейбіт келісімімен бекітілген саяси-құқықтық негіздерді қорғау, халықаралық статус-квоны сақтау және сыртқы қатынастардан барынша алшақ болу ұстанымдары айқындады. Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған саяси элита сыртқы саясатты ішкі реформалардың табысты жүзеге асуының маңызды шарты ретінде қарастырды, сондықтан халықаралық тұрақтылық пен бейтараптық негізгі басымдыққа айналды. Түркияның Кеңес Одағымен, Балқан мемлекеттерімен және Батыс державаларымен теңгерімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы көпвекторлы дипломатияның қалыптасқанын көрсетеді. 1930 жылдары Монтрё конвенциясының қабылдануы Түркияның сыртқы саясаттағы ірі жетістігі ретінде бағаланып, елдің стратегиялық маңызы бар бұғаздар аймағындағы толық егемендігін қалпына келтіруіне мүмкіндік берді.

Қорыта айтқанда, екі соғыс аралығындағы Түркияның сыртқы саясаты бейбітшілікке негізделген реализм, сақтық және мемлекеттік мүддені басшылыққа алу қағидаттарымен сипатталады. Бұл саясат жас республиканың халықаралық жүйеде дербес актор ретінде орнығуына, аймақтық тұрақтылықты сақтауға және кейінгі кезеңдердегі түрік дипломатиясының институционалдық негізін қалыптастыруға шешуші үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Treaty of Peace with Turkey (Lausanne Treaty). Signed at Lausanne, 24 July 1923. — London: His Majesty's Stationery Office, 1923. — 143 p.
- 2 Convention Regarding the Regime of the Straits (Montreux Convention). Signed at Montreux, 20 July 1936. — Montreux: Geneva, 1936. — 54 p.
- 3 Hale W. Turkish Foreign Policy 1774–2000 / W. Hale. — London: Frank Cass, 2000. — 392 p.
- 4 Кемалисти и Турецкое Правительство // Известия. — 1920. — № 258. — С. 2.
- 5 95 лет российско-турецким дипломатическим отношениям: исторические факты и перспективы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1314>
- 6 Sonyel S. R. Turkish Diplomacy 1918–1923 / S.R. Sonyel. — London: Sage Publications, 1975. — 412 p.
- 7 Ahmad F. The Making of Modern Turkey / F. Ahmad. — London: Routledge, 1993. — 256 p.
- 8 Ахмад Ф. Современная Турция: становление и развитие / Ф. Ахмад. — М.: Весь Мир, 2001. — 320 с.
- 9 Howard H. N. The Partition of Turkey: A Diplomatic History, 1913–1923 / H.N. Howard. — Norman: University of Oklahoma Press, 1931. — 485 p.
- 10 Gönülbol M. Atatürk Dönemi Türk Dış Politikası (1919–1938) / M. Gönülbol, Ö. Kürkcüoğlu. — Ankara: Ankara Üniversitesi Siyasal Bilgiler Fakültesi Yayınları, 1981. — 356 s.
- 11 Oran B. (Ed.). Turkish Foreign Policy, 1919–2006: Facts and Analyses / B. Oran (Ed.). — Salt Lake City: University of Utah Press, 2010. — 976 p.
- 12 Armaoğlu F. XX. Yüzyıl Siyasi Tarihi (1914–1995) / F. Armaoğlu. — Ankara: Alkım Yayınevi, 2005. — 740 s.
- 13 Zürcher E. J. Turkey: A Modern History / E.J. Zürcher. — London: I.B. Tauris, 2004. — 352 p.
- 14 Yıldız M. Türk dış politikasının esasları: tarihsel süreçte konjonktürel değişimler / M. Yıldız // Recep Tayyip Erdoğan Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. — 2025. — № 1. — Б. 101–120.
- 15 Keyder Ç. State and Class in Turkey / Ç. Keyder. — London: Verso, 1987. — 224 p.
- 16 Arslan S. Atatürk's Understanding of Foreign Policy and Diplomacy / S. Arslan // BUTA International Journal of Scientific Research. — 2025. — No. 1(19). — P. 135–154
- 17 Emek B. Turkey, regional security and the League of Nations / B. Emek, D. Barlas // Turkish Historical Review. — 2024. — No. 15 (1). — P. 27–50.

Г.К. Отарбаева, А.К. Отарбаева

История и основные направления внешней политики Турции в межвоенный период (1918-1939 гг.)

Окончание Первой мировой войны и революция в Турции в 1919–1923 гг. изменили обстановку на Балканах, Ближнем Востоке и в Восточном Средиземноморье. Роль Турецкой Республики после 1923 г. в регионе стала одним из важнейших факторов формирования новой системы международных отношений в межвоенный период. В связи с этим в статье излагаются события, имевшие место во время войны за независимость и сразу после нее, характеризуется содержание Севрского и Лозаннского договоров, позиция Советской России. Авторами показано, что Мустафа Кемаль сумел в полной мере использовать народное недовольство унижительными для Турции международными соглашениями для создания и укрепления нового режима, выступившего, по существу, в качестве антагониста проигравшей войну Османской империи. Фактически новое государство возникло как реакция на Севрский договор и, следовательно, ставило во главу угла именно внешнеполитические вопросы. Авторами отмечается важнейшая роль Советского Союза в становлении республики, дипломатическая, материальная и военная помощь, оказанная Мустафе Кемалю большевистским правительством в 20-е годы XX века. Отмечено, что в политике Турции преобладают такие характеристики, как осторожность, пассивность и стремление сохранить статус-кво. Также в статье рассмотрены особенности и основные направления внешней политики Турецкой Республики в 30-е годы XX века, предпринята попытка проанализировать влияние Турции на глобальные и региональные процессы.

Рассматривается роль Турции в геополитическом противоборстве между соперничающими блоками накануне Второй мировой войны.

Ключевые слова: история внешней политики, внешняя политика Турции, всемирная история, Лозанская конференция, Мустафа Кемаль, Советский Союз, глобальные процессы.

G.K. Otarbayeva, A.K. Otarbayeva

History and Main Directions of Turkish Foreign Policy in the Interwar Period (1918–1939)

The end of World War I and the revolution in Turkey in 1919–1923 changed the situation in the Balkans, the Middle East, and the Eastern Mediterranean. The role of the Turkish Republic after 1923 in the region became one of the most important factors in the formation of a new system of international relations in the interwar period. In this regard, the article describes the events that took place during the war for independence and immediately after it, characterizes the content of the Sevres and Lausanne treaties, and the position of Soviet Russia. The authors show that Mustafa Kemal was able to fully exploit popular discontent with international agreements that were humiliating for Turkey to create and strengthen a new regime that essentially acted as an antagonist to the Ottoman Empire, which had lost the war. In fact, the new state emerged as a reaction to the Treaty of Sèvres and, consequently, prioritized foreign policy issues. The authors note the crucial role of the Soviet Union in the establishment of the republic, as well as the diplomatic, material, and military assistance provided to Mustafa Kemal by the Bolshevik government in the 1920s. It is noted that Turkey's policy is dominated by such characteristics as caution, passivity, and a desire to maintain the status quo. The article also examines the features and main directions of the foreign policy of the Republic of Turkey in the 1930s and attempts to analyze Turkey's influence on global and regional processes. The role of Turkey in the geopolitical confrontation between rival blocs on the eve of World War II is examined.

Keywords: history of foreign policy, Turkish foreign policy, world history, Lausanne Conference, Mustafa Kemal, Soviet Union, global processes.

References

- 1 (1923). Treaty of Peace with Turkey (Lausanne Treaty). Signed at Lausanne, 24 July 1923. *London: His Majesty's Stationery Office.*
- 2 (1936). Convention Regarding the Regime of the Straits (Montreux Convention). Signed at Montreux, 20 July 1936. *Montreux; Geneva.*
- 3 Hale, W. (2000). *Turkish Foreign Policy 1774–2000. London: Frank Cass.*
- 4 (1920). *Kemalisti i Turetskoe Pravitelstvo [Kemalists and the Turkish Government]. Izvestiia — Izvestia, 258, 2 [in Russian].*
- 5 95 let rossiisko-turetskim diplomaticheskim otnosheniiam: istoricheskie fakty i perspektivy [95 years of Russian-Turkish diplomatic relations: historical facts and prospects]. Retrieved from <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1314> [in Russian].
- 6 Sonyel, S. R. (1975). *Turkish Diplomacy 1918–1923. London: Sage Publications.*
- 7 Ahmad, F. (1993). *The Making of Modern Turkey. London: Routledge.*
- 8 Akhmad, F. (2001). *Sovremennaiia Turtsiia: stanovlenie i razvitie [Modern Turkey: establishment and development]. Moscow, Ves Mir [in Russian].*
- 9 Howard, H. N. (1931). *The Partition of Turkey: A Diplomatic History, 1913–1923. Norman: University of Oklahoma Press.*
- 10 Gönlübol, M., & Kürkçüoğlu, Ö. (1981). *Atatürk Dönemi Türk Dış Politikası (1919–1938) [Turkish Foreign Policy During the Atatürk Period (1919–1938)]. Ankara: Ankara University Faculty of Political Science Publications [in Turkish].*
- 11 Oran, B. (2010). *Turkish Foreign Policy, 1919–2006: Facts and Analyses. Salt Lake City: University of Utah Press.*
- 12 Armaoğlu, F. (2005). *XX. Yüzyıl Siyasi Tarihi (1914–1995) [Political History of the 20th Century (1914–1995)]. Ankara: Alkim Yayınevi [in Turkish].*
- 13 Zürcher, E. J. (2004). *Turkey: A Modern History. London: I.B. Tauris.*
- 14 Yıldız, M. (2025). *Türk dış politikasının esasları: tarihsel süreçte konjonktürel değişimler [Fundamentals of Turkish foreign policy: conjunctural changes in the historical process]. Recep Tayyip Erdoğan Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi - Recep Tayyip Erdoğan University Journal of Social Sciences, 1, 101–120.*
- 15 Keyder, Ç. (1987). *State and Class in Turkey. London: Verso.*
- 16 Arslan, S. (2025). *Atatürk's Understanding of Foreign Policy and Diplomacy. BUTA International Journal of Scientific Research, 1(19), 135–154.*
- 17 Emek, B. & Barlas, D. (2024). *Turkey, regional security and the League of Nations. Turkish Historical Review, 15(1), 27–50.*

Авторлар туралы мәліметтер

Отарбаева Гулжан — т.ғ.к., Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0001-5048-6083>

Отарбаева Акжаркын — магистр, аға оқытушы, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-9285-5468>

Information about the authors

Otarbayeva Gulzhan — Candidate of Historical Sciences, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-5048-6083>

Otarbayeva Akzharkyn — Master, Senior Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9285-5468>

Букеетов Университеті